

# ЖАҢА СЕРПІН БАСТАУЫ

Мұрат  
ЖҮНІСҰЛЫ

**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты «Жастар жылы-2019» ашылуын салтанатты түрде атап өтті.**

Іс-шараға қала әкімінің орынбасары Түбекбай Әубәкіров, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мәнсия Айтмағанбетова, ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғапбасұлы, жастар ресурстық орталығының директоры, қалалық мәслихат депутаты Аманкелді Ахметжанов, «Нұр Отан» партиясы Арқалық қалалық филиалының кеңесшісі Жандос Рахметов және колледж басшылары қатысты.

Маңызы зор шарада еліміздің Әнұраны жанды дауыста шырқалды. Елбасының жастарға жасап жатқан қолдауларын насихаттаған бейнероликтер көрсетіліп, жастар "Жасампаздық жолында біргеміз" деп ұрандатты.



Қоғамның әр саласында табысты еңбек етіп, институт қабырғасында жемісті білім алып жүрген тәуелсіздік ұрпақтары өз жетістіктерімен бөлісті.

Атап айтқанда: педагогика және пси-

хология кафедрасының 4 курс студенті, оқу озаты, Президент степендиясының иегері Алтын Құрманова, педагогика және филология факультетінің 4 курс студенті, Президент степендиясының иегері,

халықаралық «Жас ғалым» ғылыми жоба дипломының иегері Аида Қалымжанова, жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің 3 курс студенті, республикалық жас ақындар мүшәйрасының жеңімпазы Дания Сәбитбекқызы, тарих және өнер факультетінің дене шынықтыру және спорт мамандығының 4 курс студенті, бір көтеруден спорт шебері Антон Цуркан, жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің математика физика кафедрасының 4 курс студенті, «Үздік студент» медалінің иегері Эльмира Мерекеқызы сахна төрінде өздерінің жалынды ұрпақ екендіктерін паш етті.

Салтанатты шараны институт ректоры, география ғылымдарының докторы Сейітбек Қуанышбаев қорытындылап, арман-тілектерді үкілеген жастар жылының символикалық ұшақтары ұшырылды.

Арқалық қаласы.